

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ТУРИСТІК АЙМАҚ РЕТІНДЕГІ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН ТАЛДАУ

Тәжен Айдана Нұрсұлтанқызы

aidanatazhen11@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, «Туризм» кафедрасының докторанты, Нұр-Сұлтан,
Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – А.Б. Баймбетова, э.ғ.к., профессор м.а.

Туризм саласы – отандық экономиканы дамытудағы басым бағыттардың бірі. Бұл саланы өркендетудің негізгі кілті болып туристік аймақтардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру саналады. Еліміздегі сондай аймақтардың бірі – Түркістан облысы. Аталмыш өңірдің туристік әлеуеті, соның ішінде этнографиялық туризмді дамытуға мүмкіндігі зор. Облыс орталығы болып табылатын Түркістан қаласы республикалық дәрежедегі ТОП-10 туристік дестинациялардың қатарына кіреді. Ежелгі өркениеттердің қиылысында орналасқан және тарихи-мәдени объектілерге толы бұл аймақ күллі түркі әлемінің рухани астанасы атануды көздейді. Сондықтан осы облыс зерттеуіміздің объектісі ретінде алынды, ал мақсатымыз – облыстың туристік саладағы бәсекеге қабілеттілігін талдау.

Зерттеу әдістері

Өңірдің бәсекеге қабілеттілігі тұжырымдамалары көпқырлы болғандықтан, әдетте оны бағалауда авторлар түрлі субъективті көзқарастарға жүгінеді. Біз бәсекеге қабілеттілікті талдауда Ритчи мен Краучтың [1] ұсынған тәсілін қолдануды жөн көрдік, себебі бұл әдіс барынша ауқымды және туризм саласына икемді болып табылады. Олардың моделіне сәйкес аймақтың бәсекеге қабілеттілігі келесі факторлармен анықталады: негізгі ресурстар және аттракциялар, қолдаушы ресурстар мен факторлар, стратегиялық жоспарлау және реттеуші органның рөлі, орта факторлары (саяси жағдай, географиялық орналасуы және т.б.). Сонымен қатар, мақалада талдау, салыстыру сияқты жалпылогикалық әдістер қолданылды.


Талқылау

Түркістан облысы 2018 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының атауын өзгерту нәтижесінде пайда болды. Бұл шара өңірде туризм саласы бойынша үлкен жобаларды жүзеге асыруға ұласты. Түркістан облысын бәсекелестік артықшылықтармен негізінен мемлекетіміз қамтамасыз етіп отырғандығын төмендегі факторларды қарастыру барысында аңғаруға болады.

Негізгі ресурстар мен аттракциялар. Түркістан облысында 4 ұлттық саябақ пен қорық, 26 мұражай, 61 емдік-сауықтыру орталықтары бар. Облыста ЮНЕСКО-ның мәдени мұралар тізіміне енген Қожа Ахмет Яссауи кесенесі, Отырар мен Сауран ежелгі қалалары, Арыстан баб кесенесі орналасқан. Қожа Ахмет Яссауи кесенесін 2021 жылдың 10 айында 1 млн. 330 мың адам тамашалап қайтқан. Бұл көрсеткіш кесененің аймақтағы ең басты аттракция екеніне дәлел бола алады. Түркістан қаласының инфрақұрылымы да жылдан-

жылға көркейе түсуде. Оған мысал ретінде «Керуен Сарай» кешені, «Hazret Sultan» әуежайы, «Ғағаб» кітапханасы және т.б. келтіруге болады. Бүгінгі таңда қаладағы жоғары дәрежелі қонақ үй саны 10-нан асады. Қаладағы әуежай мәліметі бойынша, 2021 жылы Алматы мен Нұр-Сұлтаннан келетін халықаралық рейстердің орташа толымдығы 70-75%-ға жеткен [2].

Қолдаушы ресурстар мен факторлар. Түркістан облысы үшін ең негізгі қолдаушы ресурс инвестициялар болып табылады. Соңғы жылдары аталмыш өңірге тарихта болмаған мөлшерде инвестиция құйылған. 2019 жылға дейін аймақтағы өнер, көңіл-көтеру және демалыс саласының негізгі капиталына берілген инвестициялар көлемі 8 млрд теңгеден аспаған болса, 2020 жылы инвестиция көлемі бірден 125,3 млрд теңгені құраған. 2021 жылдың қыркүйек айының нәтижесі бойынша былтыр облысқа құйылған инвестиция көлемі 80,8 млрд теңге. Ерекше атап өтетін жайт, аталмыш кезеңде Қазақстанның өзге аймақтарына берілген инвестицияның жалпы мөлшері 86 млрд теңгені құраған (сурет 1) [3], яғни бір өңірге салынған қаржы мен қалған өңірлердің барлығына салынған қаржы мөлшері шамалас. Бұл Түркістан облысының басқа өңірлермен инвестиция үшін бәсекегеде артықшылыққа ие екендігін көрсетеді.



Сурет 1 – Түркістан облысына және Қазақстанның басқа аймақтарына құйылған инвестиция көлемі (2021 ж. қаңтар-қыркүйек)

Стратегиялық жоспарлау және реттеуші органның рөлі. Өңірдегі туризмді дамытудың стратегиялық жоспарының көрінісі ретінде «Түркістан облысы туризмін дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасын» атап өтуге болады [4]. «ҚР туристік индустриясын 2023 жылға дейін дамыту тұжырымдамасына» сәйкес [5], облыс «Ұлы Жібек жолын жаңғырту» кластеріне енгізіліп, Түркістан қаласы кластердің негізгі нысаны ретінде белгіленді. Сондай-ақ, Түркістан Қазақстанның туристификациялау картасының республикалық маңызы бар ТОП-10 нысанына кірді. Облыстағы жергілікті реттеуші орган - облыстық Туризм басқармасы. Басқарма екі бөлімнен құралған және жергілікті атқарушы органдарына тән стандартты ұйымдастырушылық қызметтерді атқарады.

Орта факторлары. Облыстың негізгі бәсекелестік артықшылықтары — географиялық тиімді орналасуы және логистика, «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автомагистралінің болуы, табиғи ресурстардың молдығы, адам капиталы және еңбекақы төлеуде шығындардың төмен болуы. Түркістан облысының аумағында дайын инфрақұрылым мен инвестициялық артықшылықтар беру мүмкіндігі бар алаңдар бар. Олар «Түркістан» арнайы экономикалық аймағы және аудандардағы индустриялық аймақтар [6]. Сонымен қатар, Түркістан Ұлы Жібек жолының бойында орналасқан.

Нәтижелер

Облыстағы туризмнің үлкен ресурстық әлеуеті, жоғары мөлшердегі инвестициялық қолдау, мемлекеттік дәрежедегі стратегиялық жоспарларға қарамастан, іс жүзінде Түркістан облысының туристік көрсеткіштері бәсекеге төтеп бере алмайтын жағдайда. Облыс туристік

қызмет нәтижелері бойынша ел аймақтарының көбісінен қалыс қалып отыр. Мысалы, 2021 жылдың қаңтар-қыркүйек айларында ішкі туристерге орналастыру орындарының қызмет көрсетуі бойынша көшбасшы аймақтар: Алматы қаласы - 747,2 мың адам, Алматы облысы – 521,3 мың адам және Нұр-Сұлтан - 473 мың адам болған. Ал, Түркістан облысы ол есептік кезеңде Қазақстан бойынша тек 9-шы орын алды: ондағы орналастыру орындары 151,7 мың адамға ғана қызмет көрсеткен (кесте 1) [3].


Кесте 1 - Ішкі туризм бойынша ҚР өңірлеріндегі орналастыру орындары қызмет көрсеткен келушілер саны (2021 ж. қаңтар-қыркүйек)

Өңір	Келушілер саны	№	Өңір	Келушілер саны
Алматы қаласы	747 236	0	Қостанай облысы	146 021
Алматы облысы	521 306	1	Солтүстік Қазақстан обл	122 442
Нұр-Сұлтан қаласы	473 074	2	Ақтөбе облысы	101 574
Шығыс Қазақстан	388 516	3	Павлодар облысы	100 885
Ақмола облысы	248 384	4	Жамбыл облысы	96 317
Шымкент қаласы	228 335	5	Қызылорда облысы	68 588
Маңғыстау облысы	216 583	6	Батыс Қазақстан	46 910
Қарағанды облысы	196 870	7	Атырау облысы	28 097
Түркістан облысы	151 720			

Туризм бойынша көшбасшы өңірлер жылдар бойы алдыңғы қатарды ұстап тұрған соң, бүгінде оңайлықпен өз позицияларын бере қоймайтыны белгілі. Көшбасшы емес аймақтың бірі - Ақмола облысының көрсеткіштерімен салыстырғанның өзінде, Түркістан облысы бәсекеге қабілетті болмай отыр. Осы екі облыстағы 2018–2021 жж. аралығында орналастыру орындары қызмет көрсеткен жалпы келушілер санының динамикасын зерделесек, екі аймақта да келушілер санының азайғанын көреміз. Мұндай кері динамика пандемияның салдарынан болды. Ақмола облысына келушілер саны 3 жыл ішінде 26%-ға кемісе, Түркістан облысына келушілер саны 31%-ға азайған. 2021 жылы (қаңтар-қыркүйек) Түркістан өңірінде Ақмола облысына қарағанда екі есе аз келушілер саны тіркелген (сурет 2).

Жоғарыда атап өткендей, 2021 жылы (қаңтар-қыркүйек) Түркістан облысына құйылған инвестиция көлемі 80,8 млрд теңге болса, ал Ақмола облысына сол кезеңде берілген инвестиция көлемі 2,6 млрд қана [3]. Осыған қарамастан, сол жылы Ақмола облысы Түркістан облысынан екі есе көп келушілерді қабылдаған.

Осылайша, Түркістан облысының бәсекелік артықшылықтары мол болғанымен, нақты туристік көрсеткіштері ел ішіндегі бәсекеге төтеп бере алмайтынын көріп отырмыз.



Сурет 2 – Ақмола және Түркістан облыстарындағы орналастыру орындары қызмет көрсеткен келушілер саны (2018 жыл мен 2021 жылдың қаңтар-қыркүйегі аралығы)

Қорытынды

Түркістан облысының туристік аймақ ретіндегі бәсекеге қабілеттілігін біз екі тұрғыдан қарастырдық. Біріншіден, Ритчи мен Краучтың бәсекеге қабілеттілік факторлары арқылы облыстың бәсекелік артықшылықтарын анықтадық. Оларға тарихи-мәдени, географиялық-логистикалық, табиғи, әкімшілік факторлар жатады. Екіншіден, статистикалық мәліметтерге сүйене отырып, облыстың туристік көрсеткіштерін басқа аймақтармен салыстырдық, бәсекеге қабілеттілігін талдадық. Талдау барысында келесідей мәселелердің беті ашылды:

аймақтағы туристік ресурстардың потенциалы аса зор, бірақ оларды туристік объект ретінде жылжыту, экскурсиялық турөнімдерді жасақтау әлсіз жүзеге асырылуда;

2018 жылдан бері Түркістан облысына мемлекет тарапынан ерекше көңіл бөлініп, орасан зор инвестициялар тартылып жатқанымен, іс жүзінде бұл облыс еліміздің басқа аймақтарымен әлі де бәсекеге түсе алмайды. Ішкі туристер ағыны бойынша алғашқы бестікке де кірмейді;

туризмді реттеуші жергілікті органның құрылымы өте қарапайым және қызметі шектеулі;

өңірлік туризмді цифрлық технологиялар арқылы жылжыту мақсатында Түркістан облысының туристік объектілері Tripadvisor.com. платформасына енгізілгенімен, ішкі туристер үшін ортақ цифрлық жүйе жасақталмаған.

Мемлекет басшылығы Түркістан облысы әлемдік туризмнің орталығы болуға лайықты деп жиі айтады. Бірақ, аталған мәселелерді және басқа да бәсекеге қабілеттілікті арттыру мәселелерін шешу үшін бұл туристік аймақтағы барлық шара ең алдымен қазақстандық сегментке бағытталуы тиіс деп есептейміз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Ritchie J.B., Crouch G.I. A Model of Destination Competitiveness and Sustainability / Wang Y., Pizam A. (Eds.) // Tourism Destination Marketing and Management: Theories and applications. — 2011. — P. 326-339.
2. Сөзөшүмө представитель туристического бизнеса [Электронды ресурс] // Ақпараттық портал – Қосылу тәртібі: https://shymkenttv.kz/ru/news/society_public/turisticheskii-potencial-turkeстана
3. Ұлттық статистика Бюросының ресми ақпараты [Электронды ресурс] // Ресми портал – Қосылу тәртібі: <https://stat.gov.kz/official/industry/22/statistic/7>
4. «Концепция развития туризма Туркестанской области до 2025 года» [Электронды ресурс] // Ресми портал – Қосылу тәртібі: <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkeстан-turizm/documents/1?lang=ru>
5. «ҚР туристік индустриясын 2023 жылға дейін дамыту тұжырымдамасы» [Электронды ресурс] // Ресми портал – Қосылу тәртібі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000406>
6. 2019 жылы Түркістан облысының дамуы: экономикасы, жұмыспен қамту, туризмі [Электронды ресурс] // Ресми портал – Қосылу тәртібі: <https://www.primeminister.kz/kz/news/reviews/2019-zhyly-turkistan-oblysynyn-damuy-ekonomikasy-zhu-myspen-k-amtu-turizmi>